

**Шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеуге (қарыздарға) байланысты
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен мәмілелерді сақтандыру
өнімі бойынша өтінішті қарау үшін
қажетті құжаттар тізбесі**

№ р/с	Атауы	Ескертпе
1	Сақтандыру туралы өтініш*	көшірме**
2	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің құрылтай құжаттары	көшірме**
3	Қарыз алушыны/қосалқы қарыз алушыны/кепілгерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама	электрондық құжат
4	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің штат кестесі	көшірме**
5	Лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыруға Лицензия (бар болса)	көшірме**, электрондық құжат
7	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің, сондай-ақ қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің құрылтайшыларының/ меншік иелерінің, сондай-ақ қажет болған жағдайда байланысты заңды тұлғалардың кредиттік бюросының есебі	электрондық құжат
8	Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімі (қарыз алушы /қосалқы қарыз алушы / кепілгер, сондай-ақ қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/ кепілгердің және байланысты заңды тұлғалардың құрылтайшылары/меншік иелері) (қажет болған жағдайда)	түпнұсқасы
9	Өтініш берушінің / байланысты компаниялардың мемлекеттік кірістер комитетіне ақпарат беруге келісімі (қажет болған жағдайда)	көшірме**
10	Кредиттік ұйымның бекітілген / индикативті шешімі	көшірме**
11	Барлық қосымшалары мен толықтырулары бар кредиттік шарт (тар), өтеу кестелері бар қолданыстағы қарыз шарттары (қолданыстағы міндеттемелер болған кезде)	көшірме**
12	Кепіл шарты (-тары), барлық қосымшалары мен толықтырулары бар кепілдік/кепіл шарты (-тары) (қолданыстағы міндеттемелер болған кезде)	көшірме**
13	Өтініш беруші міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қоғамға беретін не қоғамды суброгациялау құқығы қолданылатын кепілді қамтамасыз ету жөніндегі ҰОК есептері	көшірме**
14	Экспортталатын өнімді өндірушінің өтініш берушіні қолдау туралы өтінішхаты (қажет болған жағдайда)	көшірме**

15	Бизнес-жоспар / техникалық-экономикалық негіздеме жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасымен, қаржыландырудың мақсатты мақсатымен, экспорттық қызметті растаумен, маркетингтік саясатпен және басқа да қажетті ақпаратпен.	көшірме**
16	Өндірістік қуаттарды, соңғы үш кезеңдегі қолданыстағы өндірістік қуаттарды жүктеуді, соңғы үш есепті кезеңдегі ақшалай және заттай мәндегі өндіріс көлемін (бизнес-жоспарда бұл ақпарат болмаған кезде)қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей негізгі өндірістік көрсеткіштер	көшірме**
17	Өндірілетін өнімнің негізгі номенклатуралық позицияларының өзіндік құнын есептеу	көшірме**, excel форматындағы электрондық құжат
18	7 қосымшада бекітілген үлгіге сәйкес байланысты компаниялар туралы ақпарат	көшірме**
19	7 - қосымшада бекітілген үлгіге сәйкес экспорт/экспорт әсерінің көрсеткіштері	көшірме**
20	7-қосымшада бекітілген үлгіге сәйкес қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің өнім берушілерімен/сатып алушыларымен қолданыстағы шарттар/келісімшарттар тізілімі	көшірме * * / электрондық құжат
21	Шикізатты/көрсетілетін қызметтерді негізгі (ірі) жеткізушілермен барлық қосымша келісімдермен (бар болса) қолданыстағы шарттар	көшірме** / ЭЦҚ қол қойылған
22	Барлық қосымша келісімдермен экспорттық келісімшарт (тар) және / немесе ниет шарты (лары)	көшірме** / ЭЦҚ қол қойылған
23	Қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің соңғы үш есепті кезеңдегі қаржылық есептілігі (бухгалтерлік баланс, пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің, контрагенттердің, елдердің атауы бөлінісінде қалыптастырылған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу туралы есеп). Қарыз алушыда/қосалқы қарыз алушыда/кепілгерде есепті кезеңдер үшін аудиттелген қаржылық есептілік болған жағдайда оны ұсыну талап етіледі.	көшірме**, excel форматындағы электрондық құжат
24	7-қосымшада бекітілген үлгіге сәйкес соңғы екі есепті кезеңдегі қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің бухгалтерлік балансының, кірістері мен шығыстары туралы есептің барлық баптарының толық жазылуы	көшірме**, excel форматындағы электрондық құжат
25	Соңғы үш есепті кезеңдегі негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық ведомостары	көшірме**, excel форматындағы электрондық құжат

26	Соңғы үш есепті кезеңдегі 1000, 6000, 7000 қарыз алушы/қосалқы қарыз алушы/ кепілгер шоттарының карточкалары	excel форматындағы электрондық құжат
27	Соңғы үш есепті кезеңдегі қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/кепілгердің бас айналым-сальдо ведомосы (орналастырылған)	excel форматындағы электрондық құжат
28	Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің, өзге де ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтердің, соңғы үш есепті кезеңде алынған және берілген аванстардың баптары бойынша қарыз алушының/қосалқы қарыз алушының/ кепілгердің айналым-сальдо ведомостары	excel форматындағы электрондық құжат
29	Соңғы есепті кезеңдегі дебиторлық/кредиторлық берешектің жалпы сомасының 10% - на тең және одан көп үлесі бар ірі дебиторлар/кредиторлар бойынша соңғы есепті кезеңдегі өзара есеп айырысуларды салыстыру актілері (мұндай дебиторлар/кредиторлар болған кезде)	көшірме**
30	Салық органының қабылдағаны туралы хабарламалары бар аяқталған есепті кезеңдер үшін 100-нысанды салық декларациясы; аяқталмаған есепті кезең болған жағдайда салық органының қабылдағаны туралы хабарламалары бар 300-нысанды салық декларациясын ұсыну қажет	электрондық құжат
31	Міндеттемелерді сақтандыру кезеңіндегі пайда мен залал туралы болжамды есеп***	көшірме**, excel форматындағы электрондық құжат
32	Қаржылық модельді құрудың алғышарттары бар міндеттемелерді сақтандыру кезеңіне арналған ақша қаражаттарының қозғалысының болжамды моделі (тікелей әдіспен салынған). Егер сақтанушының қызмет түрі майлы дақылдарды қайта өңдеу қызметіне, мал шаруашылығы кәсіпорындарының қызметіне, құс шаруашылығы кәсіпорындарының қызметіне, автомобиль өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметіне сәйкес келсе, алғышарттар 6-1-6-4-қосымшалардың шаблондарына сәйкес ұсынылады***	көшірме** excel форматындағы электрондық құжат
33	Құрылысқа және жөндеуге Инвестициялар кезінде: уәкілетті органның ҚМЖ-ға рұқсат беру құжаттары, мердігерлік шарттар, материалдар/жұмыстар/қызметтер құны бойынша орналастырылған жобалау-сметалық құжаттама/ смета, ҚМЖ жүргізілетін жер учаскесі бойынша құжаттар	көшірме**/ электрондық құжат
34	Жабдықты жаңғыртуға/Көлік құралдарын/техниканы сатып алуға Инвестициялар кезінде: жабдықты/Көлік құралдарын/техниканы жеткізуге арналған шарттардың көшірмелері және / немесе коммерциялық ұсыныстар	көшірме**
35	Экологиялық сараптаманың қорытындысы (бар болса)	көшірме**

36	ISO сапа менеджменті сертификаты (бар болса)	көшірме**
----	--	-----------

** Егер өтініш Simbase арқылы жіберілсе, онда ЭЦҚ көмегімен қол қойылған электрондық өтініш қана пайдаланылады.*

*** Компанияның уәкілетті тұлғасы қол қойған және мөрмен расталған құжаттардың түпнұсқаларынан сканерленген көшірмелер.*

**** "Айналым қаражатын толықтыру" нысаналы мақсатымен 300 000 000 теңгеден аспайтын сомаға сақтандыруға өтініштер бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.*

Қажет болған жағдайда сақтандырушыдан құпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қою сұралуы мүмкін.